КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

# БАКАЛАВРИАТ

# ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
# КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

## ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫ
## ИНСТИТУТ ПРАВА И ЭКОНОМИКИ
## ТАРИХ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ФАКУЛЬТЕТІ
## ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ И ПО РАБОТЕ С ИНОСТРАННЫМ СТУДЕНТАМИ

2015/2016 оқу жылы

АЛМАТЫ, 2015

# ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫ
## 5В030100- Құқықтанану мамандығы

## Академиялық дәрежесі: 5В030100- Құқықтанану мамандығы бакалавры
## 1-курс

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттер | Постреквизиттер | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы** | Шетелдер мен құқықтың тарихы Қазақстанда мемлекет және құқықтың пайда болуы мен дамуын зерттейді. Бұл ғылым бір жағынан тарихи, екінші жағынан заң ғылымы.<br>Шетелдер мен құқықтың тарихы білікті заң мамандарын даярлауда маңызды орын алады. Пәнді оқып-зерттеу студенттердің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды дұрыс түсінуі мен қоғам даму сатыларын ұғынуды және болашақты болжауға мүмкіндік береді.<br>Заң ғылымдарының ішінде мемлекет және құқықтың тарихы мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қалыптасуы және даму заңдылықтарын толық жүйеде қарастырады. Сондықтан студенттерге | 3 | 1 | 1.Мемлекет және құқық теориясы;<br>2.Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы;<br>3.Шетелдердің конституциялық құқығы;<br>4.Рим құқығы.<br>5.Қазақстан тарихы.<br>. | 1ҚР Азаматтық құқық,<br>2.ҚР Қылмыстық құқық 3.Саяси және құқытық ілімдер тарихы. | Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының пәні мен міндеттері, мемлекет пен құқықтың пайда болу, әрекет ету және дамуының жалпы заңдылықтарын білуі керек;<br>-мемлекет пен құқықтың негізгі тарихи формаларын, зерттеудің тарихи және тарихи-құқықтық әдістерінің ролін түсіп,шетелдердің мемлекеті мен құқығының дамуын анықтайтын негізгі факторларды меңгеруі керек;<br>- қазіргі ақпараттық технологияны пайдалана отырып, библиография құрастыра отырып, заң саласында қолданылатын методологиялық негіздер мен әдістердің ерекшелігін түсіну құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барлық мемлекеттік –құқықтық құбылыстарға қатысты бастапқы базалық білім береді. Шетелдер мен құқықтың жалпы тарихын оқыту студенттерге мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың жеке тұлғалармен қарым-қатынасын, демократиялық қоғамдағы және саяси жүйедегі ерекшеліктердің маңызын, мазмұнын нақты түрде түсінуге көмектеседі. Шетелдер мен құқықтың тарихын щқып-үйрену барысында студент тер құқықтың барлық саласының негіздері бойынша білім алады. Оқытушы дәріс оқуда барынша ғылыми негізділікке және объективтілікке жүгініп, мемлекеттік-құқықтық институттардың маңызы, рөлі, мәні туралы студенттерге ақиқатты да, жан-жақты білім беруі қажет. Шетелдер мен құқықтың тарихы басқа заң ғылымдарымен салыстырғанда болашақ заңгердің құқықтық санасымен құқықтық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал жасайды, сонымен бірге жас заңгерлердің кәсіби | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрежесінің биік болуына ықпал етеді | | | | | |
| | **ҚР мемлекет және құқық тарихы** | Қазақстан Республикасы мемлекеті және құқығы тарихы» жоғары заң оқу орындары мен заң факультеттерінде білікті заңтанушы мамандарды дайындауда олқытылатын негізгі фундаментельді пәндердің бірі. «Қазақстан Республикасы мемлекеті және құқығы тарихы» курсының мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың қалыптасуы туралы негізгі ұғымдарды даму заңдылықтарын оқытатын заң ғылымдарының негізі болып табылады. Студенттерді оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан аумағында мемлекет пен құқықтың пайда болу, орнығу, сонымен қатар мемлекет пен құқықтың типтері мен формасын, даму процестерін хронологиялық түрде оқытады.<br>«Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы» Қазақстан аумағында мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қалыптасуы және даму заңдылықтарын толық жүйеде қарастырады. Сондықтан | 2 | 2 | 1.Саяси–құқықтық ілімдер тарихы,<br>2.Мемлекет және құқық теориясы,<br>3.Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы;<br>4. ҚР Конституциялық құқығы. | 1ҚР Азаматтық құқық,<br>2.ҚР Қылмыстық құқық 3.Саяси және құқытық ілімдер тарихы. | - Қазақстан аумағында алғаш пайда болған мемлекеттің және одан кейін өмір сүрген әр түрлі этностар мемлекетінің құрылысы мен құқығын жақсы білуі керек;<br>- төмендегі құқықтық актілердің мазмұнын өте жақсы білуге тиіс:<br>-Шыңғыс ханның «Яссысы», «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Жеті жарғы», «1926ж. ҚАКСР-інің Конституциясы, Қазақстан Республикасынының 1995 ж. Конституциясын өте жақсы меңгеруі керек .<br>-қазіргі ақпараттық технологияны пайдалана отырып, библиография құрастыра отырып, заң саласында қолданылатын методологиялық негіздер мен әдістердің ерекшелігін түсіну құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бірінші курс студенттеріне барлық мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға қатысты бастапқы базалық білім беретін, салалық заң ғылымында қолданатын негізгі түсініктер мен категорияларды қалыптастыратын «Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы» негізгі оқу пәні болып табылады | | | | | |
| 4 | **ҚР саяси-құқықтық тарихы** | ҚР саяси құқықтық тарихы пәні азаматтардың ой-өрісін кеңейтіп, мемлекет, құқық және саясат мәселелерінде жан-жақты ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпал ететін, сонымен қатар, олардың мемлекет нысанымен, құқықтың мәнін қоғам мен мемлекеттің арақатынасы жайлы қалыптасқан тұжырымдамаларға қатысты жеке пікірлерінің қалыптасуына ықпал ететін құқықтық сала болып табылады.<br>Қазаіргі таңда жоғарғы білім беретін оқу орындарында саясат, мемлекет және құқық жайлы тарихтағы орын алған негізгі тұжырымдарды студенттерге толымды негізде жеткізу, жан-жақты іздену | 2 | 2 | 1.Саяси-құқықтық ілімдер тарихы пәні;<br>2.Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы;<br>3.Шет елдердің мемллекет және құқығының тарихы. | 1.Философия<br>2.саясаттану;<br>Зрим құқығы. | ҚР саяси-құқықтық тарихы пәнән оқыту нәтижесінде мемлекет пен құқыққа қатысты мәселелерде өз ойын толық және түсінікті етіп жеткізуге машықтанады, оның теориялық білімі жетіледі және белгілі бір мәселеге қатысты жаңаша пікір айтуға машықтанады.<br>Пәнін оқыту нәтижесінде студент: бұл пәнді оқу барысында әлемдік және Қазақстан Республикасында саяси-құқықтық ой-пікірдің басты бағыттарымен, негізгі мектептерімен таныс болуы керек. Сондай-ақ мемлекет мәніне үңілу арқылы оның қоғам алдында атқаратын ролін білуі керек. Жекелеген ойшылдардың еңбектерімен танысу арқылы олар негізін салған тұжырымдамаларды меңгеруі керек.<br>-қазіргі ақпараттық технологияны пайдалана отырып, библиография құрастыра отырып, заң саласында қолданылатын методологиялық негіздер |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы ҚР саяси-құқықтық тарихындағы басты ағымдарды, тарихи деректерді және жекелеген ойшылдарды еңбектерімен толықтай таныстыру. | | | | | мен әдістердің ерекшелігін түсіну құзыреттілігі болып табылады. |
| 5 | **Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілік ерекшеліктері** | «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері»» әкімшілік жауапкершілік пәнінен туындайды.<br>Бұл курста - кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының түсінігі мен құқықтық аспектілері, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаулары, кәмелетке толмаған балаларды мас болу күйіне дейін жеткізу, кәмелетке толмаған балаларға алкоголь ішімдіктерін сату, жас өспірімдерге темекі өнімдерін сату, кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді әзірлеуге тарту, асырап алуға немесе тәрбиелеуге беруді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы мәліметтердің мерзімі мен тәртібін бұзу, бала асырап алу жөніндегі заңсыз қызмет, кәмелетке толмағандардың | 2 | 2 | 1.Мемлекет және құқық теориясы;<br>2.ҚР конституциялық құқығы;<br>3.ҚР әкімшілік құқығы;<br>4.ҚР еңбек құқығы. | 1.ҚР азаматтық іс-жүргізу құқығы;<br>2.ҚР қылмыстық іс-жүргізу құқығы; | Кәмелетке толмағандарға әкімшілік жауаптылықты қолдану негіздерін білуі керек;<br>- Қазақстан аумағында қолданылатын құқықтық актілердің мазмұнын жетік меңгеруі керек<br>- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық профилактикасы туралы 2010 жыл 29 сәуірдегі Заңын меңгеру құзыреттілігі болып табылады |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әкімшілік құқық бұзушылық істерімен айналысатын учаскелік инспекторлардың қызметі мәселелері қарастырылады.<br>Сондықтан «кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері» пәнін оқытудың мақсаттары болып: студенттерге әкімшілік мәжбүрлеудің, жауапкершіліктің түсінігін, түрлерін, маңызын және кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктерін, оларға тәрбиелік ықпал ететін шаралар түрлерін мүмкіндігінше нақты және толық мағлұмат беру.<br>Пәннің міндеттері: әкімшілік жауаптылықтың құқықтық көздерімен танысу, жауаптылық туралы нормативтік құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс істеу, әкімшілік жауаптылық белгілейтін органдардың қызметі қағидаларын білу және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану. | | | | | |
| 6 | **Рим құқығы** | Рим құқығы азаматтық құқықты танып білудің | 2 | 2 | Мемлекет және құқық | Қазақстан Республикасы | **Студент білуі:** Пәнді оқу кезінде студент, рим құқығының қайнар |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алғашқы сатысы болып табылады. Рим құқығынан кейін оқытылатын Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы заң білімін алып шыққанға дейін оқытылатын пән. Сонымен қатар негізгі мақсат: рим құқығының қалыптасуы мен дамуын, оның жекелеген институттарын жетік меңгеру. | | | теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы тарихы, мемлекет және құқықтың жалпы тарихы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы | ның азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының отбасы құқығы, Қазақстан Республикасының тұрғын үй құқығы, Халықаралық жеке құқық | көздерінің мазмұны мен маңызын, жоғарыда көрсетілген рим құқығының институттарының мазмұнын, принциптері мен алғы шарттарын зерттеуге міндетті. Сонымен қатар студент рим құқығының терминологиялық атауларын еркін білуге міндетті. Пәннің оқытылуының жалпы мақсаты болашақ заңгердің кәсіптік және жалпы мәдениетін қалыптастыру. Осы пән курсы азаматтық құқықтың негізі болады, сондықтан бұл пән «заңгер» мамандығын алатын студенттерге оқытылуы қажет.<br>**Студенттің жасай білуі:** рим құқығының қалыптасуы мен дамуын, оның жекелеген институттарын жетік меңгеру.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Рим құқығы және оның қызметі курсын оқудың мақсаты; студенттерге субъективтік құқықтарды реттейтін құқық нормаларын қолдану болып табылады.<br>**Құзіреттілік:** құқық қолдау қызметі үшін әдістемелік базаны қолдана білу, талдау, өз алдына жекеше зерттеу білу;<br>-заңгердің этика қағидасын сақтау, профессионалдық міндеттерді адал орындау. |

## Академиялық дәрежесі:  5В030100- Құқықтану мамандығы бакалавры
## 2-курс

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттер | Постреквизиттер | Пәнді оқытудан  күтілетін  нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық қорғау тетіктері** | «Адам құқықтары мен бостандықтарын ХҚМ» арнайы оқу пәні көптеген мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы және адам құқығының жалпы теориясы туралы алғашқы негізгі білім береді, олардың негізгі ұғымдары мен категорияларын қалыптастырады, сонымен қатар, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын шынайы түрде қамтамасыз етіп, қорғаумен байланысты іс-жүзіндегі туындайтын негізгі мәселелерді анықтайды. Адам құқықтары мен бостандықтарын ХҚМ пәні бойынша адам құқықтары мәселелерінің барлығына дерлік, атап айтқанда — адам құқығы идеясының даму тарихынан бастап, адам құқығы туралы әртүрлі концепциялардың қалыптасу ерекшеліктері мен олардың саяси-құқықтық ілімдер | 2 | 3 | 1.Мемлекет және құқық теориясы<br>2. ҚР Конституциялық құқығы | 1.Салыстырмалы құқықтану<br>2. Халықаралық жеке құқығы<br>3. Мемлекет және құқық теориясының мәселелері | Республикасының конституциялық-құқықтық саясаты және оның болашағы туралы түсініктерін білуі керек;<br>Азаматтардың жарияланған құқықтары мен бостандықтары және оларды қоғамда жүзеге асырылуының арасындағы қатынасты реттейтін ұлттық және халықаралық нормативтті актілерді меңгеруі керек;<br>Адамның жеке құқықтарын жүзеге асыру мен мемлекеттік және қоғамдық мүдделердің сақталуының арасындағы дауларды шешудің жолдары мен құралдарын іздестіру, өзінің және өзгенің әрекеттеріне баға беру және осының негізінде шынайы өмірлік жағдайларда құққа сай тұрғыдан таңдау жасай білу сияқты құқықтық мәдениеттің маңызды компоненттерін меңгеруі болып табылады<br>-қазіргі ақпараттық технологияны пайдалана отырып, библиография құрастыра отырып, заң саласында қолданылатын методологиялық негіздер мен әдістердің ерекшелігін түсіну құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тарихындағы ролі, көпшілік мойындаған адам құқықтарының негізгі әмбебап және ұлттық қайнар көздері туралы, адам құқығын қамтамасыз ету мен қорғаудың халықаралық, аймақтық және ұлттық тетіктері туралы, адам құқығы саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының болашағы туралы мәселелері жан-жақты қамтылған. Сондықтан, бұл арнайы оқу курсы құқықтану мамандығы бойынша оқытылатын оқу пәндерінің жүйесінде ерекше орын алады және оларды толықтыра отырып, адам және азамат құқығы мен бостандықтарына байланысты ерекше мәселелерді шешудің белгілі бір бағдары ретінде роль атқарады. Сонымен бірге, адам құқығы мен бостандықтарының мәселелері халықаралық деңгейде өткен тарих пен қазіргі таңның қол жеткізген жетістіктерін, болашақтағы ой-мақсат пен дамудың бағыттарын ескере отырып әртүрлі қоғамдық құбылыстармен, қатынастармен | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және институттармен өзара тығыз байланыста қарастырылады. | | | | | |
| **2** | **Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары** | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Оқудың пәні болып қорғау қызметін жүзеге асыратын жекелеген органдар туралы мағұлмат беру. ҚР құқық қорғау органдарының өкілеттілігі мен құрамын талқылау. ҚР құқық қорғау органдары жайлы мүмкіндігінше нақты және толық мағлұмат беру. ҚР құқық қорғау органдары пәнінің жүйесін: жалпы және арнайы бөлімдер құрайды.<br>Пәннің жалпы бөлімінде құқық қорғау органдарына жалпылама түсінік беріледі. Құқық қорғау органдарының түрлері және олардың басқада мемлекеттік органдардан айырмашылығы беріледі.<br>Арнайы бөлімінің қарастыратын сұрақтары болып, прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы органдары және т.б. құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің құқықтық жағдайы, нақты органдардың | 2 | 3 | Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы. | ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы, ҚР Прокурорлық қадағалау. | **Пәнді оқыту барысында алынатын нәтижелер:** ҚР Құқық қорғау қызметі туралы заңның негізінде құқық қорғау органдарының құқықтық жағдайы, құқық қорғау қызметін жүзеге асырушы органдар, олардың құқықтық жағдайы мен атқаратын қызметі туралы мәліметтерді меңгере отырып, тиісті заңнамаларды, қабылданатын шешімдерді тәжірибеде ұштастыра алуы қажет.<br>**Білу керек:** ҚР Құқық қорғау органдарының түрлерін, жекелеген органдарға тиісті заңнамалық актілерді және олардың мазмұнын, қолданылу деңгейін білу қажет.<br>**Қолдана алуы керек:** Құқық қорғау органдары мемлекеттік органдар болып табылатындықтан және олардың құқықтық жағдайы жылдам өзгеріп тұратындықтан, көбіне арнайы заңдарды қолданған жөн.<br>**Меңгеруі керек:** Осы пәнді толық қанды меңгеру үшін, негізінде тиісті заңнамаларды және арнайы оқулықтардың да маңыздылығын біліп, құқық қорғау саласы туралы мағұлматтар дерегін, заңмен жұмыс жасау талаптарын меңгеру керек.<br>**Құзыреттілік:** Құқық қорғау органдары пәнінің зерттеу шеңберіне кіретін құқық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өкілеттігі табылады. | | | | | қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы, қызмет барысында қолданылатын заңнамаларды, бағдарламалардың жетілдірілген әдістемелерін қолдану шеңберін арттыру. Теория мен тәжірибенің өзара байланысын, құқық қорғау органдарының ара жігін ажырату формаларын, нормативтік құқықтық актімен салыстыра отырып құзыреттерін, олардың құқықтық жағдайын айқындау. |
| 3 | **ҚР Нотариаты** | Нотариат- бұл даусыз келісімдерді, фактілерді, дәлелдемелерді, құжаттарды куәландыруды және азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын, мүдделерін заңды түрде бекітуге бағытталған басқа да нотариалдық іс-шараларды орындау қызметтерін жүзеге асырушы органдар жүйесі. Қазақстан Республикасының нотариаты пәні нотариалды органдармен қорғалатын азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін реттейтін құқық нормалары болып табылады. Студенттерге азаматтардың құқықтары мен | 2 | 3 | Азаматтық құқық: Азаматтық құқықтың субъектілері; Сенімхат; Мәмілелер; Кепіл; Міндеттемеле рдің жекелеген түрлері; Мұрагерлік құқық. Азаматтық іс жүргізу құқығы: Дәлелдемелер мен дәлелдеу (дәлелдемеле | Кәсіпкерлік құқық; меншік құқығы және заттық құқық; атқарушылық іс жүргізу. | **Студент білуі:** құқықтың қайнар көздерімен танысу, нотариат туралы нормативті құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс істеу, нотариат қызметі қағидаларын білу және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану. Студенттер теориялық жағдайларды тәжрибеде дұрыс қолдана білуі тиіс, нотариалды әрекеттерді тіркеу тізілімдер нысандарымен, куәландырылатын құжаттар мен мәмілелермен танысу, нотариустардың нақты құқықтары мен міндеттерін, оларға қойылатын құқықтық, өнегелі талаптарды білуі қажет. **Студенттің жасай білуі:** нотариалды әрекеттерді тіркеу тізілімдер нысандарымен, куәландырылатын құжаттар мен мәмілелермен танысу, нотариустардың нақты құқықтары мен |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | заңды мүдделерін қорғау нысанын білу болашақ заңгерлер үшін қажетті шарт. Біздің еліміздегі құқық қорғау органдарының арасында нотариаттардың азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, шарттар мен мәмілелерді куәландыру жолымен құқық бұзушылықтардың алдын алу, мұрагерлік құқықтарды рәсімдеу, атқару жазбаларын жүзеге асыру және басқа да нотариалдық әрекеттер жүргізуде ролі зор. Ішкі азаматтық айналым және сыртқы экономикалық байланыстардың тез даму кезеңінде нотариалды органдардың қызметі ерекше маңызға ие.<br>**Пәнді оқытудың мақсаты** - студенттерге субъективтік құқықтарды нотариат арқылы қорғау нысанын реттейтін құқық нормаларының маңызын; азаматтық, шаруашылық және басқа қатынастарда заңдылықты нығайтудағы нотариаттың ролін; | | | рді қамтамасыз ету); Ерекше іс жүргізу. Отбасылық құқық: Алименттік қатынастар; Неке шарты. Қаржылық құқық: Мемлекеттік баж. | | міндеттерін, оларға қойылатын құқықтық, өнегелі талаптарды жасай алу керек.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Қазақстан Республикасы нотариаты және оның қызметі курсын оқудың мақсаты; студенттерге субъективтік құқықтарды нотариалдық қорғау нысанын реттейтін құқық нормаларын; азаматтық, шаруашылық және басқа қатынастарда заңдылықты бекітуде нотариаттың ролінің өсуін; нотариалды органдардың тәжірибеде құқық нормаларын қолдану болып табылады.<br>**Құзіреттілік:**<br>- құқық қолдау қызметі үшін әдістемелік базаны қолдана білу, талдау, өз алдына жекеше зерттеу білу;<br>-заңгердің этика қағидасын сақтау, профессионалдық міндеттерді адал орындау.<br>Пәннің міндеттері: нотариаттың қайнар көздерімен танысу, нотариат туралы нормативтік құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс істеу, нотариат қызметі қағидаларын білу және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібін, құқық нормаларының нотариат органдарының оларды тәжірибеде қолдануымен тығыз байланысын түсіндіру.<br>**Пәннің міндеттері:** нотариаттың қайнар көздерімен танысу, нотариат туралы нормативтік құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс істеу, нотариат қызметі қағидаларын білу және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану. | | | | | |
| **4** | **Шетелдердің конституциялық құқығы** | Бұл пәнді оқып үйренудің мақсаты шетелдердің конституциялық құқығы ғылымының негізгі теоретикалық ережелерімен таныстыру, шетелдердің маңызды заңи актілерін үйрету,құқықтық жүйелерді салыстыра отырып талдау болып табылады. жоғары және жергілікті билік органдарының қызметін, сайлау құқығы және сайлау жүйесі негіздерін, тұлғаның құқықтық мәртебесін, мемлекет нысанын т.б. реттейтін шетел зандылықтарының нормаларын түсіндіру болып табылады. | 2 | 3 | 1.Мемлекет және құқық теориясы<br>2. ҚР Конституциялық құқығы | 1.Салыстырмалы құқықтану<br>2.Халықаралық жария құқығы<br>3.Халақаралық жеке құқық<br>4. Мемлекет және құқық теориясының мәселелері | «Шетелдердің конституциялық құқығы» пәнін оқу нәтижесінде күтілетін нәтижесі: шет елдерінің конституцияларының ерекшелігін;<br>Конституциялық құқықтық институттар және қазіргі мемлекеттік-құқықтық тәжірибеде жүзеге асырылатын реттеу тәсілдері туралы ұғымдарды;<br>Олардың конституциялық құрылысы негіздерінің мазмұнын және кағидаларын, мемлекеттік органдарының құрылуы мен қызметінің конституциялық қағидаларын, олардың мазмұнын, құқықтық мәртебесін, негізгі өкілеттігін;<br>Адам мен азаматтың құқықтық жағдайының негіздерінің мазмұнын және қағидаларын жетік меңгеру қажет.<br>Қазақстан Республикасындағы жергілікті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Шет елдерінің конституциялық құқығы курсын оқудың негізгі міндеттері-студенттерді конституциялық құқық ғылымының түбегейлі қағидаларымен негізгі заңы туралы іліммен, жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерімен, мемлекет органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаларымен, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың негіздерімен, таныстыру, сондай-ақ оларды дербес тәжірибелік қызметке дайында. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының айтылған маңызды мәселелерін түсіну олардың саясатта, мемлекеттік-құқықтық салада дұрыс бағыт алуына мемлекеттік және конституциялық-құқықтық саясат және тәжірибелік мәселелерді іскерлікпен шешуге мүмкіндік туғызады. | | | | | өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздерін білу:<br>Констиуциялық-құқықтық түсініктер және санаттарымен еркін пайдалану,<br>Констиуцияны және констиуциялық құқықтық актілерді түсіндіруді және қолдануды,<br>Заңи маңызы бар жағдайларды және заңи фактілерді сауатты бақылауды,<br>Шет елдерінің Конституциясын ҚР-ның қолданыстағы констиуциямен салыстыруды меңгеру керек. |
| **5** | **ҚР отбасы құқығы** | Қазақстан Республикасының отбасы құқығы негізгі құқық салаларының бірі, мемлекеттік | 3 | 5 | ҚР Конституциялық құқығы, | Нотариат, Атқару өндірісі, Сот | **Студент білуі:** отбасылық құқық жүйесінің құрылымын, ішкі өзара әрекет ету және функцияларды бөлу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы міндетті білім стандартына сәйкес «Юриспруденция» мамандығы бойынша заңи жоғарға оқу орындары мен факультеттердің студенттерін оқытуға арналған.<br>**ҚР Отбасы құқығы пәнінің мақсаты** болып ілімнің белгілі бір жүйелігін қалыптастыратын отбасылық құқықтың теориялық негіздерін зерттеу, отбасылыө заң нормаларын және құқықтық принциптерін, отбасын және некені халықаралық қорғау мен қолдаудың тәжірибесімен танысу және зерттеу, мемлекеттің отбасын қолдау және қорғау саясатының негіздерін зерттеу, отбасылық құқықтың, некелік отбасылық заңдардың даму тенденциясын анықтау және зерттеу болып табылады.<br>**ҚР Отбасы құқығы пәнінін негізгі міндеттері:** мемлекеттің неке және отбасы саласындағы саясатын, оның жалпы мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ететін және бақылауды жүзеге асыратын ҚР мемлекеттік органдарының құрылымын және қызметін | | | Рим құқығы, ҚР Азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлім), Азаматтық іс жүргізу құқығы. | өндірісі | принциптерін, отбасы заң нормаларын және даму тенденциясын меңгеру керек.<br>**Студенттің жасай білуі:** Отбасылық құқық бойынша оқу сабақтарының негізгі түрлері лекциялар болып табылады, оларда пән бойынша теориялық білімдердің негіздері беріледі, отбасылық құқықтың ең қиын мәселелері ашылады.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Студенттермен оқу материалын ұғынудың бақылау жүйесі ретінде оларды сабақ үстінде ауызша сұрау болып табылады. Бақылаудың қорытынды нысаны сынақ болып табылады, оның мақсаты теориялық білімдерді тексеру және оларды нақты есептерді шығарған кезде қолдана білу.<br>**Құзіреттілік:**<br>- отбасы құқықтық нормативтік актілердің жобасын жасауға қатысу; заңға сәйкес заңдық әрекеттерді нақты шешуге атсалысу; отбасы құқығы саласында мамандандырылған заңдық кеңестер беруге тиіс. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеу; отбасының құқықтық мәртебесін анықтау арқылы оның қоғамдағы орнын нақтылау; неке және отбасы саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін, олардың өзара әрекетін және шешім қабылдау тәртібін анықтау; отбасы мүшелерінің мүліктерінің құқықтық мәртебесін реттеу; отбасылық құқықтық қатынастардың субъектілерінің жауапкершілігін реттеу. | | | | | |
| 6 | **Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері** | «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері»» әкімшілік жауапкершілік пәнінен туындайды.<br>Бұл курста - кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының түсінігі мен құқықтық аспектілері, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаулары, кәмелетке толмаған балаларды мас болу күйіне дейін жеткізу, кәмелетке толмаған балаларға алкоголь ішімдіктерін сату, жас өспірімдерге темекі өнімдерін сату, кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді | 2 | 4 | 1.Мемлекет және құқық теориясы;<br>2.ҚР конституциялық құқығы;<br>3 ҚР .Әкімшілік құқығы;<br>4.ҚР еңбек құқығы. | 1.ҚР азаматтық іс-жүргізу құқығы,<br>2.ҚР қылмыстық іс-жүргізу құқығы, әкімшілік жауапкершілік. | кәмелетке толмағандарға әкімшілік жауаптылықты қолдану негіздерін білуі керек;<br>-Қазақстан аумағында қолданылатын құқықтық актілердің мазмұнын жетік меңгеруі керек<br>- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық профилактикасы туралы 2010 жыл 29 сәуірдегі Заңын меңгеру құзыреттілігі болып табылады |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әзірлеуге тарту, асырап алуға немесе тәрбиелеуге беруді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы мәліметтердің мерзімі мен тәртібін бұзу, бала асырап алу жөніндегі заңсыз қызмет, кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылық істерімен айналысатын учаскелік инспекторлардың қызметі мәселелері қарастырылады.<br>Сондықтан «кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері» пәнін оқытудың мақсаттары болып: студенттерге әкімшілік мәжбүрлеудің, жауапкершіліктің түсінігін, түрлерін, маңызын және кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктерін, оларға тәрбиелік ықпал ететін шаралар түрлерін мүмкіндігінше нақты және толық мағлұмат беру.<br>Пәннің міндеттері: әкімшілік жауаптылықтың құқықтық көздерімен танысу, жауаптылық туралы нормативтік құқықтық актілерді білу, олармен дұрыс жұмыс | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | істеу, әкімшілік жауаптылық белгілейтін органдардың қызметі қағидаларын білу және накты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдану. | | | | | |
| 7 | **ҚР әкімшілік құқығы** | Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Респуликасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі тірде өзгерді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық - құқық жүйенің негіздеуші салсасы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саясиқұқықтық және әлеуметтік-мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі тындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары, билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет.<br>Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің | 3 | 4 | 1.Мемлекет және құқық теориясы<br>2. ҚР Конституциялық құқығы | 1.ҚР азаматтық құқығы<br>2.ҚР қылмыстық құқығы<br>3. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері<br>4.ҚР азаматтық іс-жүргізу құқығы,<br>5.ҚР қылмыстық іс-жүргізу құқығы, әкімшілік жауапкершілік. | Әкімшілік құқық мемлекеттің құқықтық циклдің алдыңғы қатарлары құқық салалары мен ғылымдардың бірі болып табылады. Бұл өз алдына оқытушыларға пәннің аса маңызды бөлімдерін жүйелі әрі тереңірек оқытуда жауапты міндет жүктейді.<br>«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәні мақсатының мазмұнына мыналар енеді: әкімшілік құқықтың ұғымдары мен институттарын, атқару билігінің жүзеге асырылу механизмін оқыту; әкімшілік құқықтың субъектілерінің құқықтық мәртебесін, әкімшілік қызметтің нысандары мен әдістерін, мемлекеттік басқарудағы жауапкершілікті қарастыру; сонымен бірге әкімшілік іс, мемлекеттік басқарудағы заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету, мемлекеттік басқарудың салалары мен аумақтарындағы (немесе кеңістіктеріндегі, шеңберіндегі) әкімшілік құқықтық реттеудің сараптамасы.<br>Әкімшілік құқық мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, қаржы құқығы, қылмыстық құқық, кеден |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өзгеруі әкімшілік құқықтық жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұның сын көзбен карауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады. «Әкімшілік құқық» оку курсының бағдарламасы әрекет етуші заңнамаға, әкімшілік құқықтың ғылымның негізгі ережелер мен қорытындыларына сәйкес құрылды. Ұсынылып отырған бағыдарлама мемлекеттік стандарт негізінде жасалып, заң оқу орындарында және «Кеден ісі» мамандығы бар институттарда «Әкімшілік құқық» курсын оқыту үшін оқу жұмыс бағдарламаларын жасауға негіз бола алады. | | | | | құқығы сияқты пәндерімен тығыз байланысты екендігін айтып кеткен жөн. Бұл байланыс Қазақстан Ресаубликасының әкімшілік құқығы пәнінің ерекшелігімен анықталады. Аталған түсінігін меңгеру барысында мемлекет және құқық теориясының көптеген сипаттарын меңгеру қажет; әкімшілік құқықтың субъектілерінің құқықтық жағдайын зеттеу кезінде, ең алдымен, конституциялық нормаларды зеттеу керек; басқарудағы жауапкершілік туралы тақырыптарды қарастыру барысында қылмыстық құқық курысының тиісті ережелерін анализдеу қажет; кеден ісі саласында басқаруды ұйымдастырудың зеттеу кезінде кеден құқығы курсынның тиісті ережелерін білу қажет. |
| 8 | **ҚР атқару құқығы** | ҚР атқару құқығы мемлекетіміздң билік тармағындағы атқарушы билікке сипаттама береді. Атқарушы билік органдары – | 2 | 5 | 1.Мемлекет және құқық теориясы;<br>2. ҚР Конституциял | 1.ҚР қаржы құқығы;<br>2.ҚР салық Құқығы;<br>3.Кәмелетке | ҚР атқарушы құқығын оқып үйрену нәтижесінде студент білуі қажет:<br>1.ҚР атқарушы құқығы, яғни басқарушылық құқықтың не себепті және қалай пайда болғанын білуі керек; |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік биліктің атқарушы билік тармағын жүзеге асыратын негізгі субъект. Онсыз мемлекеттік – басқарушылық қызметті іс жүзінде жүзеге асыру, ҚР атқару құқығы қатынастардың пайда болуы мүмкін емес. Бұл сияқты құқықтық қатынастардың өзге қатысушыларының әкімшілік-құқықтық мәртебесі көпшілігінде нақ осындай мемлекеттік органдардың қызмет аясында шындыққа айналады.<br>Атқарушы билік органының ұғымы белгілі бір дәрежеде «ұйым» деген ұғымнан туындайды, ол тар мағынада бірлескен қызметтің қандай да болмасын түрін жүзеге асыру үшін құрылатын және осы мақсат үшін ең аз дәрежеде болса да адамдар ұжымының рәсімделген жекелеген бастауыш ұйымын білдіреді. Кең мағынада ол осындай бастауыш ұйымдардың жиынтығын білдіреді.<br>Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) басқарылатын объектілерге | | | ық құқығы;<br>3.ҚР әкімшілік құқығы. | толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктері;<br>4.ҚР азаматтық іс-жүргізу құқығы;<br>5.ҚР қылмыстық іс-жүргізу құқығы;<br>әкімшілік жауапкершілік. | 2.Қазіргі кездегі атқарушы құқықтың реттейтін қоғамдық қатынастарын, олардың түрлері мен күрделілігін саралап білуі керек;<br>3.Атқарушы билікті жүзеге асыратын субъектілерді, олардың ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаларын, құқықтық негіздерін, олардың мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру жөніндегі құқықтық формалары мен әдістерін білуі керек. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (басқарылатындарға) тікелей басқарушылық ықпал жасаудың тәсілдері мен әдістері – мәне осылар басқару әдістерінің дәл өзі. Басқаша айтқанда, басқарудың әдісі атқарушы биліктің тиісті субъектісінің алдында тұрған міндеттері іс жүзінде жүзеге асырылудың нақты тәсілі, осы биліктің өзін іске асырудың құралы болып табылады. Бұл әдістердің сипаттамасындағы маңыздысы, олар басқарудың субъектісі мен объектісінің өзара әркеттестігінде көрініс табады, олардың арасындағы байланысты білдіреді. | | | | | |
| 9 | **ҚР еңбек құқығы** | Қазақстан Республикасының еңбек құқығы жаңа Ұлттық құқық жүйесінің дербес кешенді құқық саласын білдіреді. Осы оқу курсы шегінде Қазақстан Республикасы мен таяудағы шетел мемлекеттердің еңбек заңының түсінігі, әдісі, қағидаларымен жүйесі жән құрылымы, сондай-ақ Қазақстан мен шет елдердегі | 2 | 4 | ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, ҚР Азаматтық құқығы | ҚР еңбекті қорғауды құқықтық реттеу, ҚР әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. | **Студент білуі:** Құқыққолданушылық қызметті жүзеге асыру мақсатында еңбек құқығының нормалары мен институттарын ың мазмұның; Қазақстандағы еңбек құқығы нормалары мен институттарының тарихын біліп, оның даму жолдарын ұғынуы; Жекелеген санаттағы Қызметкерлермен еңбек шартын жасау ерекшеліктерін; Жұмыс уақыты мен демалық уақытын белгілеу, еңбекақы төлеудің нысандары мен жүйесін.<br>**Студент игеруі тиіс:** Еңбек заңын |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | еңбек қатынастарының даму тарихы мен диалектикасы сияқты мәселелер қарастырылады.<br>**«Еңбек құқығы» пәнінің мақсаты:** Еңбек құқығын таяудағы және алыс шет мемлекеттердің еңбек заңдарының ерекшелігін ескере отырып қоғамдық еңбек қатынастарын реттейтін құқықтың бір саласы ретінде оқу.<br>**«Еңбек құқығы» пәнінің міндеттері:** ҚР-ның және шет ел мемлекеттерінің еңбек заң нормаларын қолдануда тәжірибиелік дағдылануына ықпалын жасау.<br>"ҚР еңбек құқығы " курсын зерделеу барысында студент Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарының жүйесі, оның қағидалары, міндеттері мен құрылымы жөнінде хабардар болуы; Қазақстандағы құқықтық қатынастардың тарихи және диалектикалық үрдісін, сондай-ақ оларды болашақта жетілдіру жағдайларын білуі.<br>Азаматтар өздерінің | | | | | | бұзғандығы үшін қызметкерлер мен жұмыс берушілерге құқықтық жауапкершіліктің тиісті түрлерін қолдануды; Болашақтағы қызметінде еңбек дауларын шешу барысында еңбек заңдары нормалары мен еңбек құқығы теориясын білу мен еңбек құқығы нормаларын қолдану дағыдарын қоладана алуды.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** "ҚР еңбек құқығы " курсын логикалық түрде құрастыруға негіз болған, біріншіден, жоғары білімді және білікті мамандар даярлау ол бүгінгі күннің талабы; екіншіден, студенттердің құқықтық ой-өрістерін дамыту арқылы еңбек құқығы арнайы білімін тәжірибиеде қолдана білу қажеттіліктерінен туындап отыр.<br>**Құзіреттілік:**<br>- еңбектің құқықтық нормативтік актілердің жобасын жасауға қатысу; заңға сәйкес заңдық әрекеттерді нақты шешуге атсалысу; еңбек құқығы саласында мамандандырылған заңдық кеңестер беруге тиіс. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | конституциялық еңбек бостандығы құқықтарын жүзеге асыру әр-түрлі нысандар арқылы болуы мүмкін. Бірақ әлемдегі халықтың көпшілігі еңбекке жалдану арқылы кіретін топтар қатарына жатады. Еңбекке жалдану аясындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге 19 ғасырда орын алған өнеркәсіп революциясы кезеңінде әрекет жасалған. Сол кездегі қоғам мен мемлекет еңбекке жалдану арқылы кірген тұлғаларға жұмыс күштерінің өсіп өнуіне жағдай жасау арқылы ұлттық тіршілікті сақтап қалудың қажеттіліктерін түсіне білген. Сонымен қатар, жоғарыда атлған кезеңдерде жұмыс уақытының ұзақтығын, демалыс уақытын, жалақының көлемін, еңбекті қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін бірінші нормативтік құқықтық актілер жарыққа шыға бастады. Еңбек құқығы бас кезінен әлеуметтік қорғау құқығы бола келіп жаңа саласы ретінде осылай өзінің негізін қалаған. | | | | | |

**Академиялық дәрежесі: 5В030100- Құқықтану мамандығы бакалавры**
**3-курс**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттер | Постреквизиттер | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қазақстан Республикасының адам құқығы** | мемлекеттік-құқықтық құбылыстарына құқықтық талдау жасауда дәстүрлі және жаңа тәсіл«Адам құқықтары» оқу пәні адам құқықтарының жалпы теориясының түбегейлі мәселелерін зерттейді. Оқу курсын студенттерге оқыту барысында қоғам өмірінің дер қолданылады, мемлекеттік-құқықтық тәжірибе қолданылады. Адам құқықтары мен бостандығы үстемдігі демократиялық , құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы және Ата заңымызда бекітілген. Адам құқығы мемлекет және құқық туралы ғылыммен зерттеледі, себебі күрделі мемлекеттік-құбылыстардың барлығы мемлекеттік-құқықтық өмірдің негізгі, өзегі болып табылатын нақ осы адам құқықтарында түзеледі. Арнайы оқу курсын оқытудың мақсаты студенттерді мемлекеттік- | 3 | 5 | 1.Мемлекет және құқық теориясы;<br>2. ҚР Конституциялық құқығы. | 1.Салыстырмалы құқықтану;<br>2. Халықаралық жеке құқығы;<br>3. Мемлекет және құқық теориясының мәселелері. | адам құқықтарының негізгі концепциялары, қазіргі таңдағы адам құқығы идеясының генезисі туралы, адам құқығының еуразиялық тұжырымдамасының қалыптасуының ерекшеліктері туралы, адам құқықтарын қамтамасыз етіп, қорғаудың халықаралық және ұлттық, құқықтық және институционалдық тетіктері туралы, адам құқығы саласында Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық саясаты және оның болашағы туралы түсініктерін білуі керек;<br>азаматтардың жарияланған құқықтары мен бостандықтары және оларды қоғамда жүзеге асырылуының арасындағы қатынасты реттейтін нормативтті актілерді меңгеруі керек;<br>-адамның жеке құқықтарын жүзеге асыру мен мемлекеттік және қоғамдық мүдделердің сақталуының арасындағы дауларды шешудің жолдары мен құралдарын іздестіру, өзінің және өзгенің әрекеттеріне баға беру және осының негізінде шынайы өмірлік жағдайларда құқыққа сай тұрғыдан таңдау жасай білу |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құқықтық қатынастар туралы, адам және азаматтың құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы, олардың қамтамасыз етілуі мен қорғалуының құқықтық және институционалдық механизмі туралы қазіргі заманның талабына сай біліммен таныстыру. | | | | | сияқты құқықтық мәдениеттің маңызды компоненттерін меңгеруі құзіреттілігі болып табылады |
| 2 | **ҚР Тұрғын үй құқығы** | Пәнді оқытудың мақсаты конституциялық құқықтан бастау алатын, азаматтық құқықтық ережелермен астасып жатқан, тұрғын үй қатынастары туралы ҚР заңының ережелерімен реттелетін тұрғын үйге деген азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан еспубликасындағы негізгі құқықтары мен міндеттерін, өзара тұрғын үй құқығымен байланысты құқықтық қатынастарды студенттерге оқыту болып табылады. Ал, ҚР Тұрғын үй құқығы пәнінің міндеттері: тұрғын үй құқығының субьектілері арасындағы қатынастарды реттейтін негізгі бастауларды зерттеу, тұрғын үй қатынастарына арналған | 3 | 5 | 1.ҚР конституциялық құқығы<br>2.Мемлекет және құқық теориясы<br>3. Азаматтық құқық, Сақтандыру, мұрагерлік құқық, халықаралық жеке құқық т.б | 1. ҚР Азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлім);<br>2. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы;<br>3. Әкімшілік құқық;<br>4. Қаржылық құқық;<br>5. Банктік құқық;<br>6. Қылмыстық құқық;<br>7. Еңбек құқығы. | **Студент білуі тиі:** ҚР Тұрғын үй құқығы пәнін оқудың нәтижесінде, тұрғын үй құқығының негізгі ұғымдарын, түрғын үй құқығы аясындағы теориялық зерттеулерді және басты мәселелерді білу; тұрғын үй қатынастарын реттейтін теориялық құқықтық негіздерді үйренуге; тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормалардың методикалық құқықтық реттеу нормаларын білуге; Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін;<br>**Студент жасай білу керек:** тұрғын үй құқығы асындағы барлық теориялық зерттеулерді талдауы; тұрғын үй қатынастарын реттеудегі негізгі мәселелерді ажыратып бере алуға; тұрғын үй құқығының нормаларын талдауға; тәжірибеде тұрғын үй құқығының нормаларын қолдана білуге тиіс. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | терминдерді талқылау, талдау, сан алуан сипаттағы тұрғын үй қатынастарын құқықтық реттеудің қырларымен таныстыру, тұрғын үй құқығын жете білетін болашақ заңгер мамандарын даярлау болып табылады | | | | | **Студент меңгеруі тиіс:** ҚР Тұрғын үй құқықтық қатнасын реттеудің құқықтық негіздерін, өзінің тұрғын үйге деген негізгі құқықтары мен міндеттерін, ҚР Тұрғын үй қатынастарын реттейтін құзіретті мемлекеттік органдардың қызметін, және т.б<br>**Құзіреттілігі:**<br>Тұрғын үй құқығы салсындағы құқықтық құжаттарды дұрыс орнымен қолдана білу, тиісті мемлекеттік органдарға барғанда толтырылуы тиісті құжаттарды құрастыра білу, өзінің әрқашан тұрғын үйге деген құықтарын жүзеге асыруға жетерліктей білімді болу. |
| 3 | **ҚР Экологиялық құқығы** | ҚР экологиялық құқығы қазіргі кездегі ұлттық құқық жүйесінің өз алдына бөлек кешенді құқық саласын білдіреді. Экологиялық құқықтың пәні қоғам мен қоршаған ортаның арасындағы қоғамдық қатынастар. Аталған пәннің шеңберінде экологияның ғылым ретіндегі әдістемелік мәні, пәні, түсінігі, әдісі, қағидалары, жүйесі және экологиялық құқықтық қайнар-көздері, табиғи объектілерді пайдалану құқығы және меншік құқығын құқықтық реттеудің жалпы негіздерін, қоршаған ортаны қорғау саласында | 2 | 5 | Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы, қылмыстық құқық және т.б. | ҚР-ның жер құқығы, ҚР-ның аграрлық құқығы, ҚР-ның тау-кең құқығы. | **Студент білуі тиіс:** Экологиялық құқықты оқу кезінде студенттер өздеріне жаңа экологиялық құқықтық түсініктер мен терминдері туралы, табиғатты қорғаудағы құқықтық қатынастар туралы қажетті мәліметтерді алады. Аса маңызды тақырыптарды қамтитын бөлінген сағаттар мөлшеріндегі семинар сабақтары барысында студенттер тәжірибеде экологиялық құқықтық нормаларды қолдану туралы туындаған сұрақтарға лайықты жауап бере алуы керек.<br>**Студент білу керек:** Экологиялық құқық курсында билік және басқару органдарының, сот органдарының, табиғатты қорғау прокуратурасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | басқарудың мемлекеттік-құқықтық механизмін, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық механизмінің құқықтық негізін, қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілігі жөніндегі сұрақтарды қамтиды.<br>**Пәнді оқытудың мақсаты:** ҚР-да экологиялық құқықтық қалыптасуы, өркендеуі, даму перспективасы мен өркендеуі, экологиялық құқықтық негізгі қайнар-көздерімен танысу, экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың қайнар-көздерін оның нысаны, мазмұны және заңды күші бойынша мінездемелері мен субординацияларының әртүрлі түсініктерін айқындау саласында студенттердің жалпы білім алуы. Сонымен қатар, экологиялық құқықты оқыту кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды рационалды қолдануды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмге, | | | | | қорғау Министрлігінің және т.б. тәжірибелерінен мәліметтерді келтіру арқылы табиғаттың барлық кешенді объектілерінің және әрбір табиғи ресурсының жеке дара құқықтық режимін айқындайды.<br>**Студент жасай білу керек:** тұрғын үй құқығы асындағы барлық теориялық зерттеулерді талдауы; тұрғын үй қатынастарын реттеудегі негізгі мәселелерді ажыратып бере алуға; тұрғын үй құқығының нормаларын талдауға; тәжірибеде тұрғын үй құқығының нормаларын қолдана білуге тиіс.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** ҚР Тұрғын үй құқықтық қатнасын реттеудің құқықтық негіздерін, өзінің тұрғын үйге деген негізгі құқықтары мен міндеттерін, ҚР Тұрғын үй қатынастарын реттейтін құзіретті мемлекеттік органдардың қызметін, және т.б<br>**Құзіреттілігі:**<br>Тұрғын үй құқығы салсындағы құқықтық құжаттарды дұрыс орнымен қолдана білу, тиісті мемлекеттік органдарға барғанда толтырылуы тиісті құжаттарды құрастыра білу, өзінің әрқашан тұрғын үйге деген құықтарын жүзеге асыруға жетерліктей білімді болу. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | экология, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға байланысты сұрақтар бойынша жаңа бағыттар, даму тенденциясы мен республикалық заңдардың жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударады. | | | | | |
| 4 | **ҚР Кәсіпкерлік құқығы** | Кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдармен танысып, кәсіпкерлік қызметтің түсінігін, түрлері мен нысандарын, кәсіпкерліктің нарықтық қатынастарда алатын орнын анықтап білу;<br>Кәсіпкерлік қызметті іске асыру барысында тәжірибеде кездесетін құжаттарды рәсімдеу жөнінде тәжірибе жинақтау болып табылады.<br>**Оқу курсының мақсаты:** Кәсіпкерлік қызметті іске асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын оқып білу.<br>**Оқу курсының міндеттері:** Кәсіпкерлік құқық пәнін оқу барысында студенттер кәсіпкерлік қатынастың мазмұнын, кәсіпкерлік қызмет пен | 3 | 5 | Азаматтық құқық – Заңды тұлғаның түсінігі және белгілері. Жеке кәсіпкерлік негіздері. Құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік. Әрекет қабілеттілігін ен айырылу. Меншік құқығы. Материалдық жауапкершілік. | Инвестициялық құқық | **Студент білуі тиіс-** Кәсіпкерлік құқық пәнін оқу негізінде студент Кәсіпкерлік құқық курсы бойынша көзделген институттар жөнінде толық білім алуы керек;<br>Кәсіпкерлік құқық пәнінің нормаларын талдай білуі, кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңдарды саралау және қолдану тәжірибесінің қалыптасуы керек.<br>**Студент игеруі тиіс:** кәсіпкерлік туралы заңнамаларды бұзғандығы үшін кәсіпкерлерге құқықтық жауапкершіліктің тиісті түрлерін қолдануды;<br>Болашақтағы қызметінде кәсіпкерлер дауларын шешу барысында заң нормалары мен кәсіпкерлік құқығы теориясын білу мен кәсіпкерлік құқығы нормаларын қолдану дағыдарын қоладана алуды.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Кәсіпкерлік құқығы мазмұнына негізіне талдау жүргізу; Кәсіпкерлік құқығы құжаттарын тәжірибеде өз бетінше қолдану.<br>**Құзіреттілігі:** нормативтік құқықтық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шаруашылық қызметтің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын білуі тиіс;<br>Кәсіпкерлік қызметтің Қазақстан заңдарымен көзделген түрлерін және нысандарын, олардың құқықтық негіздерін білуге міндетті;<br>Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің тәртібі мен ерекшеліктерін, кәсіпкерлікке қатысты құжаттама жүргізу тәжірибесін алуы қажет. | | | | | актілерді қолдануда қабілетті болу, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқықтарын қолдану;<br>Кәсіпкерлік құқығы нормаларын дұрыс талқылай білуі, кәсіпкерлік құқығы заңдарының нормаларын қолдана отырып, тәжірибелік есептер шығара білуі, сот тәжіриебесін теоретикалық білімге байланыстыра қолдана алу қажет. |
| 5 | **Соттық медицина және психиатрия** | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Медицина ғылымы бола отырып, сот- медицинасы заң пәндерімен жиі жанасады. Сот медицинасы бір-бірінен алшақ жатқан екі білім саласымен тығыз байланысты. Өз алдына дербес медицина ғылымы болы отырып, ол қылмыстық және азаматтық істерді тергеу мен сотта қарау кезінде сот әділдігі органдарында туындайтын медициналық-биологиялық мәселелерді шешіп береді.<br>Сот медицина тәжірибесінде пайдаланылатын зерттеу әдістері мен тәсілдерінің санының барған | 3 | 5 | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сайын көбейе түсуі неғұрлым тереңірек негізделген және объективті қорытындылар беруге мүмкіндік туғызып отыр. Сот медицинасы құқықтық және медицина ғылымдарының, сот әділдігі және заңдылықтың талаптарында қолданылатын, биология және жаратылыстанудың әртүрлі мәселелерін зерттейді және өңдейді. Сот медицинасында зерттеу объектілері болып, тірі тұлғалар, мәйіттер, заттық дәлелдемелер, қылмыстық және азаматтық істердің материалдары табылады. Сонымен, сот медицинасы – бұл тергеу және басты сот талқылауы кезінде туындайтын, медицинаның бөлімдерін қарастыратын, өңдеп және сараптамалық бағалау жүргізетін жеке медициналық ғылым болып табылады.<br>Сот психиатриясы – психикалық аурулардың көріністерін, этиологиясы мен патогенезін қарастыратын ғылым. Сонымен бірге бұған аурулардың алдын алу, емдеу мен жәрдемді ұйымдастыру | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және психикасы бұзылған аурулардың өмірін қалпына келтіру, құқықтық жағдайын зерттеу.<br>Қылмыстық процесте ең күрделі проблемалардың бірі, өзіне де, айналасындағыларға да, тәртіп бұзушылығымен қоғамдық қауіп туғызатын, жиі-жиі тәртіп бұзумен болып тұратын, «психикалық бұзылумен себептелген» деп айып тағылған адамдардың жасаған қылмыстарын тексеру мен ашу болып табылады. Ондай адамдардың мұндай қылықтары тек қатты психикалық ауруы кезінде ғана емес, созылмалы, тіпті жазылып келе жаткан кезінде де болады, осыған байланысты, сот-тергеу органдары мұндай адамдардың құқық бұзу сәтіндегі, оған дейінгі және кейінгі бұзылудың рөлін, сондай-ақ осы іс-әрекеттері үшін қылмыстық және азаматтық жауапкершілігін анықтауда қиындықтар туады. Сондықтан да заңгерлер қылмыстық және азаматтық процесте қылмыстың жасалу мүмкіндігіне немесе психикасы сау адамдардың | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барабар емес көрсетпелер беруіне күмән келтіреді, әрі мұның себептерін дәрігер-психиатрлардың анықтау кажеттілігі туады, сөйтіп олар сот психиатрия сараптамасын жүргізеді.<br>Міне, осы мәселелерді шешумен, медицина ғылымының қолданбалы саласы болып табылатын сот психиатрия айналысады. | | | | | |
| 6 | **Азаматтық іс жүргізу құжаттарын дайындау практикумы** | Азаматтық процессуалдық құжаттарды құрастырудың практикумы - студенттерді азаматтық істер бойынша процессуалдық құжаттарды құрастыруға дағдыландыратын арнайы курс болып табылады. Бұл арнайы курсты оқу болашақ судьяларды, заң кеңесшілерін, прокурорларды, адвокаттарды дайындауға зор ықпал етеді. Арнайы курстың мақсаты: студенттерге азаматтық сот ісін жүргізу барысында құрастырылатын әртүрлі құжаттарды (талап арыз, ұйғарым, шешім, сот бұйрығы, шағым, наразылық, т.б.) құрастырудың | 3 | 6 | Рим құқығы, ҚР Азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлім),<br>ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы. | Атқару өндірісі, Сот өндірісі | **Студент білуі тиіс-** іс жүргізу құжаттарының жүйесін, олардың маңызын тиісті құжаттардың нысаны мен мазмұнына заң бойынша қойылатын талаптар, азаматтық сот өндірісінің қағидалары, тәртібі және іске қатысушылардың құқықтық жағдайы; бірінші саты бойынша процессуалдық мектептер мен бағыттарды білу, азаматтық іс жүргізудің бірінші сатысында және сот қаулыларын қайта қарау сатысында істерді қарау және шешу ерекшеліктерін, сондай-ақ, іс жүргізу құжаттарының жекелеген мәселелері бойынша ғылыми және өзіндік ұстанымды қалыптастыру.<br>**Студент игеруі тиіс** - азаматтық іс жүргізу құжаттарын сауатты толтыра білу; азаматтық іс жүргізу құқықтық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | принциптерін, құжаттардың түрлерін, құрастыру тәртібін үйрету; іскерлік дағдылар қалыптастыру. Курстың мақсаты болып студенттердің азаматтық сот өндірісіндегі сот актілерін тәжірибе жүзінде пайдалануды игеру болып табылады. Бұл пәннің өзге пәндерден басты маңызы қазіргі кезде азаматтық іс жүргізу қатынастарының қоғамда айрықша маңызды сипатқа ие болуымен байланысты. «Азаматтық іс жүргізу құжаттарын құрастыру» курсын оқыту студенттердің іс жүргізу құжаттарын нысаны мен мазмұны бойынша қандай болу керектігін анықтауы үшін қажет. | | | | | қатынастарды реттейтін нормативтік құжаттарды дұрыс ажырата білу; талдай білу және орнымен қолдана білу; соттарды ведомствалық бағыныштылығы мен азаматтық істердің соттылығына қатысты даулы мәселлелерді шеше білу, азаматтық іс жүргізу құжаттарын құрастыруды тәжірибелік мәселелеріне өз бетінше талдау жасап жобаларын жасау; **Студент меңгеруі тиіс:** үргізу құжаттарын құрастырудың мазмұнына негізіне талдау жүргізу; азаматтық іс жүргізу құжаттарын тәжірибеде өз бетінше қолдану. **Құзіреттілігі:** нормативтік құқықтық актілерді қолдануда қабілетті болу, кәсіби қызметте материалдық және іс жүргізу құқықтарын қолдану; азаматтық іс жүргузу нормаларын дұрыс талқылай білуі, азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдана отырып, тәжірибелік есептер шығара білуі, сот тәжіриебесін теоретикалық білімге байланыстыра қолдана алу қажет. |
| 7 | **ҚР еңбекті қорғауды құқықтық реттеу** | Қазақстан Республикасының еңбекті қорғауды құқықтық реттеу оқу пәні, еңбек құқығы бойынша электитвті пән компоненті болып табылады. Осы оқу курсы шегінде Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды құқықтық | 3 | 6 | **ҚР Еңбек құқығы:**Еңбекті қорғау, еңбек шарты, | Еңбек дауларын қарау және шешу тәртібі | **Студент білуі тиіс:** Құқыққолданушылық қызметті жүзеге асыру мақсатында еңбек құқығының нормалары мен институттарын ың мазмұның; Қазақстандағы еңбек құқығы нормалары мен институттарының тарихын біліп, оның даму жолдарын ұғынуы; |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеу мәселелері, атап айтқанда еңбекті қорғау саласында қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері, қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы кепілдіктері, өндірісте жазатайым оқиғаларды тергеу және тексеру мәселелері қарастырылады.<br>**«Еңбекті қорғауды құқықтық реттеу» пәнінің мақсаты:** Еңбекті қорғауды құқықтық реттеу мәселелерін реттейтін еңбек нормаларының ерекшелігін ескере отырып қоғамдық еңбек қатынастарын реттейтін құқықтың бір саласы ретінде оқу.<br>**«Еңбекті қорғауды құқықтық реттеу» пәнінің міндеттері:** Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды құқықтық реттеузаң нормаларын қолдануда тәжірибиелік дағдылануына ықпалын жасау.<br>«ҚР еңбекті қорғауды құқықтық реттеу» курсын зерделеу барысында студент Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарының жүйесі, оның қағидалары, міндеттері мен | | | | | Жекелеген санаттағы Қызметкерлермен еңбек шартын жасау ерекшеліктерн;<br>Жұмыс уақыты мен демалық уақытын белгілеу, еңбекақы төлеудің нысандары мен жүйесін.<br>**Студент игеруі тиіс:** Еңбек заңын бұзғандығы үшін қызметкерлер мен жұмыс берушілерге құқықтық жауапкершіліктің тиісті түрлерін қолдануды;<br>Болашақтағы қызметінде еңбек дауларын шешу барысында еңбек заңдары нормалары мен еңбек құқығы теориясын білу мен еңбек құқығы нормаларын қолдану дағыдарын қоладана алуды.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** «Еңбекті қорғауды құқықтық реттеу» курсын логикалық түрде құрастыруға негіз болған, біріншіден, жоғары білімді және білікті мамандар даярлау ол бүгінгі күннің талабы; екіншіден, студенттердің құқықтық ой-өрістерін дамыту арқылы еңбек құқығы арнайы білімін тәжірибиеде қолдана білу қажеттіліктерінен туындап отыр.<br>**Құзіреттілік:** еңбектің құқықтық нормативтік актілердің жобасын жасауға қатысу; заңға сәйкес заңдық әрекеттерді нақты шешуге атсалысу; еңбек құқығы саласында мамандандырылған заңдық кеңестер беруге тиіс. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құрылымы жөнінде хабардар болуы; Қазақстандағы құқықтық қатынастардың тарихи және диалектикалық үрдісін, сондай-ақ оларды болашақта жетілдіру жағдайларын білуі.<br>«ҚР еңбекті қорғауды құқықтық реттеу» курсын логикалық түрде құрастыруға негіз болған, біріншіден, жоғары білімді және білікті мамандар даярлау ол бүгінгі күннің талабы; екіншіден, студенттердің құқықтық ой-өрістерін дамыту арқылы еңбек құқығы арнайы білімін тәжірибиеде қолдана білу қажеттіліктерінен туындап отыр.<br>Азаматтар өздерінің конституциялық еңбек бостандығы құқықтарын жүзеге асыру әр-түрлі нысандар арқылы болуы мүмкін. Бірақ әлемдегі халықтың көпшілігі еңбекке жалдану арқылы кіретін топтар қатарына жатады. Еңбекке жалдану аясындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге 19 ғасырда орын алған өнеркәсіп революциясы кезеңінде әрекет | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жасалған. Сол кездегі қоғам мен мемлекет еңбекке жалдану арқылы кірген тұлғаларға жұмыс күштерінің өсіп өнуіне жағдай жасау арқылы ұлттық тіршілікті сақтап қалудың қажеттіліктерін түсіне білген. | | | | | |
| 8 | **ҚР Әлеуметтік қамсызданд ыру құқығы** | Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы адамның негізгі әлеуметтік экономикалық құқықтарының бірі. Әлеуметтік қамсыздандыру бұл материалдық игіліктерді еңбектің қатысуынсыз бөлудің нысаны. Әлеуметтік қамсыздандыруда материалдық игіліктер қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелеріне мемлекеттің және арнайы қорлардың есебінен әлеуметтік нормаларда белгіленген кездерде және жағдайларда бөлінеді. Әлеуметтік қамсыздандыруды мемлекет әлеуметтік мәнге ие деп таныған жағдайлардың туындауы салдарынан тіршілік етудің қайнар көзі ретіндегі жоғалған жалақыны өтеуге бағытталған, мемлекет қалыптастыратын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық | 3 | 6 | ҚР Еңбек құқығы, ҚР Азаматтық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы | ҚР еңбекті қорғауды құқықтық реттеу | **Студент білуі тиіс**: Құқыққолданушылық қызметті жүзеге асыру мақсатында ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы нормалары мен институттарының мазмұның;<br>Қазақстандағы ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы нормалары мен институттарының тарихын біліп, оның даму жолдарын ұғынуы.<br>**Студент игеруі тиіс:** ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңын бұзғандығы үшін қызметкерлер мен жұмыс берушілерге құқықтық жауапкершіліктің тиісті түрлерін қолдануды;<br>- Болашақтағы қызметінде еңбек дауларын шешу барысында ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңын нормалары мен ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңын теориясын білу мен ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңын нормаларын қолдану дағыдарын қоладана алуды.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы курсын логикалық түрде құрастыруға негіз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | | шаралардың жүйесі ретінде де анықтауға болады. | | | | болған, біріншіден, жоғары білімді және білікті мамандар даярлау ол бүгінгі күннің талабы; екіншіден, студенттердің құқықтық ой-өрістерін дамыту арқылы әлеуметтік қамсыздандыру құқығы арнайы білімін тәжірибиеде қолдана білу қажеттіліктерінен туындап отыр.<br>**Құзіреттілік:** Әлеуметтік қамсыздандыру туралы нормативтік актілердің жобасын жасауға қатысу; заңға сәйкес заңдық әрекеттерді нақты шешуге атсалысу; Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласында мамандандырылған заңдық кеңестер беруге тиіс. |
| 9 | **ҚР Жер құқығы** | ҚР жер құқығы қазіргі кездегі ұлттық құқық жүйесінің өз алдына бөлек кешенді құқық саласын білдіреді. Аталған пәннің шеңберінде жер құқығы - ғылым ретіндегі әдістемелік мәні, пәні, түсінігі, әдісі, қағидалары, жүйесі және жер құқықтық қайнар-көздері, жерге меншік құқығы: түсінігі, түрлері, жүзеге асыру тәртібі, жер пайдалану құқығы және жерге өзге құқықтар, жерді қорғаудың мемлекеттік құқықтық шаралары. жер заңдарын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік, ауыл шаруашылық мақсатындағы | 2 | 6 | Мемлекет және құқық теориясы, конституциял ық құқық, азаматтық құқық, Қаржылық құқық. | әкімшілік құқық, еңбек құқығы. | **Студент білуі тиіс:** Жер құқығының негізгі түсініктерімен танысуы, ҚР жер учаскелерінің жеке меншік құқығының мәселелерін ашатын сұрақтармен танысу; Нарықтық қатынастар жағдайындағы Қазақстандағы жер заңнамасының қалыптасуы мен дамуын зерттеп оқу; Қазақстанның қолданыстағы жер заңнамасы туралы жалпы мағлұматтарының болуы.<br>**Студент игеруі тиіс:** ҚР жер заңдарын бұзғандығы үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық жауапкершіліктің тиісті түрлерін қолдануды;<br>- Болашақтағы қызметінде жер дауларын шешу барысында жер заңын нормалары мен жер құқығының теориясын білу мен жер заңының нормаларын қолдану |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жерлердің құқықтық жағдайы, жерді халықаралық құқықтық қорғау жөніндегі сұрақтарды қамтиды.<br>**ҚР Жер құқығы** пәнінің мақсаты Қазақстан Республикасының конституциялық, әкімшілік, азаматтық, отбасы, қаржылық, салықтық жене аграрлық құқықтық, сонымен бірге мемлекеттік шекара, мемлекеттік құрылым, азаматтық мәміле жасау, жер учаскесіне деген отбасылардың меншігін бөлу, салық салу және ауыл шаруашылық өндіріс тағы басқалардың құқықтық реттеу болып табылады.<br>**ҚР Жер құқығы** пәнінің негізгі міндеттері:<br>Аграрлық құқық түсініктер мен терминдер туралы қажетті білім мен мәліметтер алу:<br>• Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын құқықтық мемлекеттік реттеу негіздері туралы мәліметтер алу;<br>• Алынған білімді осы курсты оқу кезінде студенттерді, магистрантарды, аспирантарды және тәжірибелік | | | | | дағыдарын қоладана алуды.<br>**Студент меңгеруі тиіс:** Жер құқығы курсын логикалық түрде құрастыруға негіз болған, біріншіден, жоғары білімді және білікті мамандар даярлау ол бүгінгі күннің талабы; екіншіден, студенттердің құқықтық ой-өрістерін дамыту арқылы жер құқығы құқығы арнайы білімін тәжірибиеде қолдана білу қажеттіліктерінен туындап отыр.<br>**Құзіреттілік:** жер кодексінің және өзге де нормативтік актілердің жобасын жасауға қатысу; заңға сәйкес заңдық әрекеттерді нақты шешуге атсалысу; Жер құқығы құқығы саласында мамандандырылған заңдық кеңестер беруге тиіс. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыста қолдану дағдысын үйрету. | | | | | |
| 10 | **Заң психологиясы** | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Қазіргі кезеңде заң психологиясы - заң саласында қызмет атқаратын кадрларды даярлауда, олардың кәсіптік білімін жетілдіруде маңызды роль атқарады. Құқық әрқашан да адамдардың нормативтік жүріс-тұрысымен байланысты. Заң психологиясы – «адам-құқық» жүйесінің психологиялық заңдылықтарын зерттейтін ғылыми-психологиялық пән, ол осы жүйенің тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстарды жасап, дайындайды.<br>Заң психологиясы – жеке тұлғаны, оның әртүрлі психикалық аспектілерін және оның іс-әрекетін құқықтық реттеу шеңберінде зерттейтін ғылым. Заң психологиясы – құқықтанудың ең күрделі мәселелерінің бірі –құқық қорғау және сот қызметтерінің нәтижелілігін жоғарлату мәселесін шешеуге көмектеседі. Заң психологиясының ерекшеліктері: алдын ала тергеу | 3 | 6 | Құқық қорғау органдары, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, азаматтық іс жүргізу құқығы. | Сот дәлелдемелер теориясы, сот медицинасы, сот психиатриясы, заңгердің кәсіби этикасы, криминалистика. | **Пәнді оқыту барысында алынатын нәтижелер:** Сөзсіз, психология ғылымын білу адамдармен қарым-қатынаста, оларға әсер етуші, тәрбие жұмыстарын жүргізетін әр – біріне қажет. Теориялық білімді тәжірибеде ұштастыра алуы керек.<br>**Білу керек:** Заң психологиясы пәнін оқыту нәтижесінде студент құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық маңызы бар әрекеттер жасаудағы психологиялық механизмдерін білуі керек.<br>**Қолдана алуы керек:** Заң психологиясы адамдарды құқық бұзушы ретінде, куә және жәбірленуші нысанында зерттейді. Сондықтан да судья, тергеуші, прокурор, қорғаушы, әкімшілік, түзеу колониясының тәрбиешісі әр түрлі жағдайлардан туындаған қиын да шатасқан қатынастарды шешу кезінде дұрыс бағдар беруге септігін тигізеді. Яғни адам тұлғасы белгілі бір қоғамдық өмірде ойлау қабілеті жеке-жеке олардың мінездерінің бір қалыпты болмауы, олардың қоршаған әлемге, өз-өзіне деген қатынасы өзінше әр-түрлі болып келетіндіктен, тәжірибелік қызметте қолдана алумен анықталады.<br>**Меңгеруі керек:** Осы саладағы заңгер алдына қойылатын сұрақтарды |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыстарын жүргізу, сот талқылауы және қамаудағы адамдарды түзету жұмыстарын жүзеге асыру қызметтерін психологиялық тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Заң психологиясы құқық өндірісінде байқалып жатқан психикалық құбылыстардың механизмі мен заңдылықтарын зерттейді. Осы тұрғыдан заң психологиясы адамдардың іс-әрекетінің әртүрлі психологиялық сапкектілерін құқықтық қарам-қатынас шеңберінде зерттейтін ілім б.т. «Заң психологиясы» пәнін студенттерге оқыту мақсаты таным психологиясы мен заңтану білімдерін ғылыми өзара бірлікте қарастыру арқылы негізгі құқықтық категориялардың психологиялық және заңтанымдық мәнін ашу, құқықтық қатынас субъектілерінің қызметінің психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру. Заң психологиясы пән ретінде жалпы бөлімінде, пәні, жүйесі, тарихы, әдістері, басқа да ғылыми пәндермен байланысы, | | | | | қылмыстық-құқықтық категорияларды, атап айтқанда құқық қорғау органдарының жұмысын одан әрі жақсартылуын, олардың нәтижелі және тиімді тәсілдерді жан-жақты пайдалануды қамтамасыз ететін жайларды меңгеруі керек.<br>**Құзыреттілік:** тұлғаны тәрбие және оқытудың субъектісі ретінде түсінуге көмектеседі, заң психологиясының теориялық және тәжірибелік негізінде студенттер бойында құқық қорғау органдары қызметкерінің психологиясына сәйкес келетін әдептілік, қызмет ерекшелігін, басқару тәсілдерін, пікір-таласа білуге, әңгімелесушіні тыңдау және тыңдата білу туралы білім жүйесін қалыптастыру. Теория мен тәжірибенің өзара байланысын, заңгер мамандық иесі ретінде қалыптасуына, заңды меңгеруіне және құқықтық мәдениетке тәрбиелеу, үйрету. Заң саласында күрделі, төтенше, жанжал жағдайларында дұрыс шешім қабылдай алуына дайындау. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сонымен қатар жалпы және әлеуметтік психологияның негізі баяндалып қарастырылса, құқықтық психология, қылмыскер психологиясы, криминалды психология, тергеу әрекеттері психологиясы, сонымен қатар сот процесінің психологиясын жекелеп арнайы бөлімдерге бөле отырып оқытылады. Алдын ала тергеу әрекетерін жүргізу барысында қылмыскермен қолданылатын айла-тәсілдерді табу, тергеушінің қызметі және де жалпы психологиялық мән-жайларды ескере отырып, заң психологиясын оқыту. | | | | | |
| 11 | **Криминология** | **«Криминология» пәніне арналған бағдарламаның қысқаша мазмұны** - криминология әлеуметтік құқықтық ғылым ретінде қоғамдық ең келеңсіз құбылыс қылмыстылықтың жай күйі мен құрылымын, себептері мен жағдайларын, қылмыскер тұлғсын, оның қылмыстанушылық тұрпатын, қылмыстылықтың алдын алу жолдары, арнайы қылмыстар | 3 | 6 | Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы. ҚР Қылмыстық құқығы құқығы, ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы | Қылмыстық құқық, Қылмыстық атқару құқығы, Құқықтық статистика, Криминалистика | **«Криминология» пәнін оқыту барысында алынатын нәтижелер -** Криминология өзінің ”жастығына” қарамастан қылмыстылықты зерттеу мен алдын алу шараларын өңдеуде қомақты орын алады. Алғаш рет «криминологияң терминін (лат. Crimen-қылмыс, грекше logos- ілім) дәлме-дәл мағынасында - қылмыс туралы ғылым дегенді білдіреді, осы атпен 1885 жылы монография жариялаған италиян ғалымдары Топинард пен Горофало қолданды. Криминология - қылмыстылық, оның |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мен бірыңғай қылмыстардың себеп сылтаулармен ұштасыра отырып зерттейді.<br>Криминология ғылымы нақты қылмысты, оған тағайындалатын жазаны және қылмыстық жауаптылықты қылмыстық заң тұрғысынан зерттейтін болса, криминология ғылымы қылмыстылықты әлеуметтік құқықтық құбылыс ретінде жалпылама зерттейді. | | | | | себептері мен жағдайлары, қылмыскердің тұлғасы, қылмыстылықпен күрес шараларының жүйесі туралы ғылым. Криминологияны зерттеу қажеттілігі қылмыстылықпен күрес жүргізудің міндеттерінен туындайды.<br>**Білу керек:** Криминология пәнін оқу арқылы студент қылмыстылықтың деңгейі, жай күйі, құрылымына талдау жасау, оған баға беру, қылмыстылықтың қарқынын анықтау, қылмыстанушылық болжамдар жасау, жоспарлау әдіс тәсілдерін білуге тиісті.<br>**Криминология пәнін оқу негізінде қолдана алуы керек:** Болашақта қылмыстылықтың алдын алу шараларын ғылыми ұйымдастыру қажеттілігі артады. Қазіргі кезеңдегі заңгер профилактикалық құжаттарды біліктілікпен құра білуге, құқықтық актілердің жобаларын сараптай білуге, әр деңгейдегі мемлекеттік органдарда қылмыстылық деңгейінің жай-күйіне баға бере отырып, құзіретті қимыл жасай білуге және қылмыстылықтың алдын алу шараларын өңдеуде ұсыныстар айта білуге тиісті.<br>**Меңгеруі керек:** Осы пәнді толыққанды меңгеру үшін, негізінде тиісті заңнамаларды және арнайы оқулықтардың да маңыздылығын біліп, құқыққорғау саласынан алынған қылмыстылықтың динамикасы туралы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | мағлұматтар дерегін, заңмен жұмыс жасау талаптарын меңгеру керек. **Құзыреттілік:** Криминология пәнін зерттеу шеңберіне кіретін қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын зерттей отырып, қылмыстылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарын жыл сайын жетілдіріп отыратын қылмыстылықтан сақтандыру субъектілері, яғни құқыққорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы мен қызмет барысында қолданылатын заңнамаларды, бағдарламалардың әдістемелерін қолдану аясын арттыру. Теория мен тәжірибенің өзара байланысын, құқыққорғау органдарының ара жігін ажырату нысандарын, нормативтік-құқықтық актілермен салыстыра отырып құзыреттерін, олардың құқықтық жағдайын айқындау. |
| 12 | **ҚР Қылмыстық-атқару құқығы** | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Курстың мақсаты – сотталушылардың қылмыстық жазаларын өтеу барысында түзелуі арқылы қылмыстылықтың алдын алу бағдарламасының ғылыми негізін игеру.<br>Курстың міндеттері – аталған мақсатқа жету үшін | 3 | 6 | «ҚР қылмыстық атқару құқығы» пәні жоғарғы оқу орындарының бағдарламасы на сәйкес және жоғары дәрежеде | Аталған пәнді оқудың нәтижесінде келесі ұғымдарды игереді: қылмыстық атқару құқықтық қатынастарды | **Пәнді оқыту барысында алынатын нәтижелер:** Құқықтық реттеу аясындағы қарастырылып жатқан маңызды реформалау бірнеше объективті себептермен бірге келісілгендігін, соның ішінде:<br>- тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы маңызды өзгертулерге әкелген, тәуелсіз мемлекетте жаңа әлеуметтік-саяси, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қылмысты атқару заңнамаларын игеру, қылмыстық-атқару жүйесімен, қылмыстық жазаларды өтеу тәртібімен, сондай-ақ сотталушылардың, қылмыстық-атқару қызметкерлерінің құқықтық жағдайларымен танысу. | | | білім алу үшін «Мемлекет және құқық теориясы», «ҚР Қылмыстық құқығы», «ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Әкімшілік құқық», «Құқық қорғау органдары» пәндерін білуі қажет. | ң құрылысы, субъктілері, жазаны орындау, жазаны орындаудың дифференциясы мен жеке даралау, сотталған адамның құқықтық жағдайы, соттық бақылау, ведомостылық бақылау, жазаны орындаушы органдардын қызметтеріне бақылау, сотталған адамдардың міндеті еңбек қызметімен байланысты емес жазалардың орындалуы. | экономикалық және құқықтық жағдайлардың туындауына әсер еткендігін;<br>- Қазақстандағы болып жатқан демократизациялау және ізгілендіру процестері мемлекеттік қызметтегі және максималды жақындау қылмыстық жазаларды орыңдаудағы халықаралық қауымдастық қабылдаған стандарттар мен қағидалар бойынша саясаттың өзгеруін талап ететіндігін. Заңның реформалануымен бір уақытта қылмыстық-атқару жүйесінің қайта құрылуының да жүзеге асатынын. Әсіресе, басқару саласының өзгеруі құқықтық нормаларда бекітілгендігін.<br>**Білу керек:** Мемлекеттің қызметі қылмыстық жазаларды орындау, сотталғандарды түзеу аясында, сонымен қатар елеулі дәрежеде қылмыстылықты ескерту аясында оның қылмыстық-атқару саясатымен анықталатындығын, ол халықаралық бірлестікпен қалыптасқан, қылмыстық-атқару құқығының ғылыми жетістіктері аясында сотталғандармен қарым-қатынасқа түсу туралы табанды ережелерге негізделген. Қылмыстық-атқару саясаты ең алдымен қылмыстық-атқару заңдарымен жүзеге асырылатынын.<br>**Қолдана алуы керек:** 1998 жылдың 1 қаңтарынан заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | атқару кодексі Қазақ ССР-нің бұрынғы еңбекпен түзеу кодексінің өзгешелігі қылмыстық жазаның барлық түрін орындауды реттейтінін. Бұл тұрғылықты түрде қылмыстық жазаны орындау аясындағы жаңа заңның бұрынғы заңнан өзгешеленетінін.<br>**Меңгеруі керек:** Сонымен қатар, заңгерлерді дайындауда құқықтық жазаны орындауды реттеудің құқықтық аясында маңызды құрылым болып табылатындығын. Дәріс беру тәжірибесінде берілген оқу құралын мақсатқа сәйкес сақтауда ерекше көңіл бөлу керектігін. Жазаны орындау аясындағы жалпы табандылық ережелерін, сонымен қатар, жазаны атқаратын мекемелер мен органдардың заңи мінездемелерін анықтай, зерделей білу керектігін.<br>Ерекше бөлімде қылмыстық жазаның нақты түрлерін өтеу процесінде қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарын іске асыру және нормаларды іске асыру мәселелері анықталатындығын.<br>Берілген бағдарламада қылмыстық жазаны орындаудың барлық түрлерін жүзеге асыру аясындағы әдңстмелік және теоретикалық мәселелерді, әлемнің заңгерлерді дайындайтын жоғарғы оқу орындарының тыңдаушыларының сотталғандармен қарым-қатынасқа |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | түсуде әділдік және адамгершілік сезімдерінің қалыптасуын зерттеуді ұйғарады. **Құзыреттілік:** Сотталғандардың жағдайын құқықтық қорғау пәнін зерттеу шеңберіне кіретін қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын зерттей отырып, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, мүлікті тәркілеу, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаларды орындау, түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеу, қоғамнан оқшаулауға байланысты жазаның тәртібі мен жағдайлары, әскери қызметпен сотталғандарға жазаны орындау, жазаны өтеуден босату, шартты түрде сотталғандарға бақылау жасау, қылмыс жасаған айыптылар мен күдіктілерді қамауға алу, қылмыстылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарын жыл сайын жетілдіріп отыратын қылмыстылықтан сақтандыру субъектілері, яғни құқыққорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы мен қызмет барысында қолданылатын заңнамаларды, бағдарламалардың әдістемелерін қолдану аясын арттыру. Теория мен тәжірибенің өзара байланысын, құқыққорғау органдарының ара жігін ажырату нысандарын, нормативтік-құқықтық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | актілермен салыстыра отырып құзыреттерін, олардың құқықтық жағдайын айқындау. |
| 13 | **Сотталғандардың жағдайын құқықтық қорғау** | **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:** Курстың мақсаты – бас бостандығынан айырылған сотталушылардың қылмыстық жазаларын өтеу барысында түзелуі арқылы қылмыстылықтың алдын алу бағдарламасының ғылыми негізін игеру.<br>Курстың міндеттері – аталған мақсатқа жету үшін сотталушылардың бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеу тәртібімен, сотталушылардың құқықтық жағдайларымен, түзеу мекемесінің режимдерін игеру. | 3 | 6 | «Сотталғандардың жағдайын құқықтық қорғау» пәні жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына сәйкес және жоғары дәрежеде білім алу үшін «Мемлекет және құқық теориясы», «ҚР Қылмыстық құқығы», «ҚР Қылмыстық-атқару құқығы» «ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Әкімшілік құқық», «Құқық | Аталған пәнді оқудың нәтижесінде келесі ұғымдарды игереді: сотталған адамның құқықтық жағдайы, бас бостандығынан айырылған тұлғаларды топтау, түзеу мекемелеріндегі режим, түзеу мекемелеріндегі ерекше жағдай режимі, сотталушылардың еңбек жағдайы, бас бостандығынан айырылған сотталушының кәсібі | **Пәнді оқыту барысында алынатын нәтижелер:** Мемлекеттің қызметі қылмыстық жазаларды орындау, сотталғандарды түзеу аясында, сонымен қатар елеулі дәрежеде қылмыстылықты ескерту аясында оның қылмыстық-атқару саясатымен анықталады, ол халықаралық бірлестікпен қалыптасқан, қылмыстық-атқару құқығының ғылыми жетістіктері аясында сотталғандармен қарым-қатынасқа түсу туралы табанды ережелерге негізделген. Қылмыстық-атқару саясаты ең алдымен қылмыстық-атқару заңдарымен жүзеге асырылады.<br>1998 жылдың 1 қаңтарынан заңдық күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі Қазақ ССР-нің бұрынғы еңбекпен түзеу кодексінің өзгешелігі қылмыстық жазаның барлық түрін орындауды реттейді. Бұл тұрғылықты түрде қылмыстық жазаны орындау аясындағы жаңа заң бұрынғы заңнан өзгешеленеді.<br>**Білуі керек:** Құқықтық реттеу аясындағы қарастырылып жатқан маңызды реформалау бірнеше объективті себептермен бірге келісілгендігін: |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
